

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023 - 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) \_\_\_\_\_

Топ: ортаңғы топ

Балалардың жасы: 3 жастан.

Жоспардың құрылу кезеңі: мамыр айы, 2023-2024 оқу жылы.

<b>Айы</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекет</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b>
Мамыр	Дене шынықтыру	<ul style="list-style-type: none"><li>- дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту;</li><li>- негізгі қимыл түрлері: жүргү, жүгіру, секіру, лақтыру мен қағып алу, еңбектеу мен өрмеледі орындаудың қарапайым дағдыларын жетілдіру;</li><li>- мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру;</li><li>- қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіру, дене жаттығуларына қызығушылықта баулу;</li><li>- денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын: ептілік пен шапшандықты дамыту;</li><li>- құрдастарымен қимылды ойындарды бірге ойнауға, өзара оң қарымқатынас жасауға баулу;</li><li>- спорттық жабдықтарды қолдануда қауіпсіздікті қамтамасыз ету.</li></ul> <p><b>Үргақтық жаттығулар.</b> Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.</p>

	<p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b></p> <p>Аяқта арналған жаттығулар:</p> <ul style="list-style-type: none"><li>- аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қою;</li><li>- қолдарды алға созып, жартылай отыру, тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру;</li><li>- отырып құм салынған қапшықтарды аяқтың бақайларымен қысып ұстau, таяқтың, білікшенің (диаметрі 6-8 сантиметр) бойымен қосалқы қадаммен жүру.</li></ul> <p><b>Қимылды ойындар</b></p> <p>Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеністікті бағдарлауга, «жүгір», «ұста», «тур» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету, қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Қимылды ойындарды ойнату.</p> <p><b>Спорттық жаттығулар.</b></p> <p><b>Жүзу және гидроаэробика элементтері.</b> Суға тұсу, жүгіру, ойнау, суда билеу. Жүзуді үйрету (тиісті жағдайлар болған кезде).</p> <p><b>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.</b></p> <p>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шей қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.</p> <p><b>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.</b></p> <p>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылышын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.</p>
--	--

	<p><b>Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.</b></p> <p>Сезім мүшелерін ажыратуға және атауға (көз, құлақ, мұрын, ауыз) үйрету, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтүге болатыны туралы түсінік беру (ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау). Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру.</p> <p>Адамның денсаулығына пайдалы (көгөністер, жемістер, сүт өнімдері) және зиянды тағамдар (тәттілер, бәліштер, тәтті газдалған сусындар) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қымылды ойындар) мен үйқының пайдасы туралы түсінік қалыптастыру. Дене мүшелері мен ағза жүйесін нығайтатын жаттығулармен таныстыру. Өзінің денсаулық жағдайы туралы ересектерге айтуда, науқастанған кезде дәрігерге қаралып, емделу қажеттігін білу.</p> <p><b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.</b></p> <p>Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауа, қун, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. Балаларды үй-жайда женіл киіммен жүргүре үйрету. Қун тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Серуенде қымылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру. Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау. Қун тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Тыныс алу</p>
--	---

	жаттығуларын жасау.
Сөйлеуді дамыту	<p>- балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету;</p> <p>- тұрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау;</p> <p>- әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу.</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b></p> <p>Дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айтуда, дыбыстардың артикуляциясын нақтылауда және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеуде, жаңылтпаштар айтуда.</p> <p><b>Сөздік қор.</b></p> <p>Балаларға тұсау кесу дәстүрімен таныстыруды арқылы олардың алғашқы қадамы ересектерді қуанышқа бөлейтінін жеткізу және оларды ересектердің жақсы көретінін білдіру, дәстүрге байланысты балалармен ән айтуда, би билетуда, жұмбақ шешкізу, жаңылтпаш, санамақ айтқызу, сөздік қорларын жана сөздермен байту.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b></p> <p>Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыруды, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану, зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b></p> <p>Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану, таныс өртегілерді ойнауда және сахналауда ынталандыру, қызығушылығын ояту.</p>

Көркем әдебиет	<ul style="list-style-type: none"> <li>- шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу;</li> <li>- қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен, салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен таныстыру;</li> <li>- балалар әдебиетіне, театр әлеміне қызығушылықты қалыптастыру.</li> </ul> <p>Ересектермен бірге ертеғілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.</p> <p>Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуда үйрету.</p>
Қазақ тілі	<ul style="list-style-type: none"> <li>- артикуляциялық және дауыс аппаратының, есту қабілетінің дамуына ықпал ету;</li> <li>- қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиеу.</li> </ul> <p><b>Тілдік дамытушы орта.</b></p> <p>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасаудың жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауда, өзінің алған әсері мен қалаудың білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайды сөйлеу әдебін сақтауда, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауда баулу.</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b></p> <p>Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алушы, естуді дамыту. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдауда және түсінуді дамыту. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуда баулу.</p>

	<p><b>Сөздік қор.</b> Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру. Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу. Таныс өртегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуда баулу.</p>
Математика негіздері	<ul style="list-style-type: none"> <li>- қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру;</li> <li>- бақылау арқылы қоршаған орта заттарының санын, пішінін, шамасын, олардың кеңістікте орналасуын ажыратуға үйрету;</li> <li>- заттарды зерттеуге қызығушылықты ояту, жаңаны тануга, өзіне сенімділікке баулу;</li> <li>- командада жұмыс істей білуге дағыландыру;</li> <li>- көрнекі-қимылдық ойлауды және шығармашылық қиялдауды дамыту.</li> </ul> <p><b>Уақытты бағдарлау.</b> Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке.</p>
Қоршаған ортамен	<ul style="list-style-type: none"> <li>- балаларды қоршаған ортадағы заттардың атауларымен және олардың</li> </ul>

тәнистыру	<p>міндеттерімен тәнистыру, тәнис заттарды ажыратуға үйрету;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- отбасына, туған өлкесіне, Отанға деген сүйіспеншілікке, ересектерге құрмет көрсете білуге, кішілерге жанашыр болуға тәрбиелеу;</li> <li>- еңбектің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсете ниеттерін қолдау;</li> <li>- тірі және өлі табиғат туралы білімдерін байыту;</li> <li>- табиғатта қауіпсіздікті сақтау (санырауқұлақтар мен жидектер жемеу, жануарларға тиіспеу);</li> <li>- құммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, заттарды құлаққа, мұрынға тықпау);</li> <li>- табиғатқа сүйіспеншілікке және қамқорлық жасауға баулу.</li> </ul>
Құрастыру	<ul style="list-style-type: none"> <li>- қарапайым заттарды, құбылыстарды, пішіндерді, түстерді, бөліктердің орналасуын бере отырып, бейнелеу дағдыларын қалыптастыру, көз бен қолдың үйлесімін дамыту.</li> </ul> <p>Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауга, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.</p>
Сурет салу	<ul style="list-style-type: none"> <li>- бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту;</li> <li>- бейнелеу әрекеті мен оның нәтижесіне эмоционалды жағымды қарым қатынас орнату;</li> <li>- бейнелеу әрекетін балалардың қызығушылықтарын ескере отырып,</li> </ul>

	<p>ұйымдастыру, балаларға бейнелейтін заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру;</li> <li>- өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу;</li> <li>- бейнелеу әрекеті барысында қауіпсіздікті сақтауға және еңбекқорлыққа, ұқыптылыққа баулу.</li> </ul> <p>Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру.</p> <p>Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.</p>
Мұсіндеу	<ul style="list-style-type: none"> <li>- балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) тандауға мүмкіндік беру;</li> <li>- қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру;</li> <li>- өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу.</li> </ul> <p>Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Мұсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.</p>
Жапсыру	<ul style="list-style-type: none"> <li>- балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) тандауға мүмкіндік беру;</li> </ul>

	<ul style="list-style-type: none"> <li>- қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру;</li> <li>- өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу.</li> </ul> <p>Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.</p>
Музыка	<ul style="list-style-type: none"> <li>- музыкаға қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту;</li> <li>- қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру;</li> <li>- өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу.</li> </ul>